

ӘКІМ

БИЗНЕС ҒӘМ БИЛІК

Мегаполис инвесторларға ашық алаң ұсынды



Кездесу мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылы мәселелерін ашық талқылауға, сондай-ақ қаланың инвестициялық ахуалын жақсартуға бағытталған. Қатысушылар инвестициялық жобаларды іске асырудың өзекті мәселелерін, бизнесті мемлекеттік қолдау шараларын және инвесторлардың құқығын қорғаудың практикалық тетіктерін талқылады.

– Мемлекет басшысы тарапынан инвесторларды жан-жақты қолдау, олардың құқығын қорғау және әкімшілік кедергілерді жою бойынша нақты міндеттер қойылып отыр. Қазіргі таңда Алматы әкімдігі осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізуде. Осы ретте әкімдік, бизнес және прокуратура үйлесімді жұмыс атқаруымыз керек. Мұндай кездесулер формальды болмай, өнімді жұмыс диалогына айналғаны абзал. Сонда ғана біз нақты нәтижелерге қол жеткізетін боламыз, – деді Дархан Сатыбалды.

Алматыда қала инвесторлары қатысқан ауқымды форум өтті. Жиынға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, ҚР Бас прокуратурасы Инвесторлардың құқығын қорғау комитетінің төрағасы Бақытжан Ералы және Алматы қаласының прокуроры Серік Кәріпбеков, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өкілдері, инвесторлар мен кәсіпкерлер қатысты.

ЭКОНОМИКА

НАҚТЫЛАНҒАН БЮДЖЕТ БЕКІДІ

Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XLII сессиясында қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін үш маңызды мәселе қаралды. Атап айтқанда, 2026-2028 жылдарға арналған бюджетті нақтылау, «Almaty Business – 2030» өңірлік бағдарламасын бекіту және тексеру комиссиясы мүшесіне қатысты кадрлық шешім қабылдау мәселелері қамтылды.

2

15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важно голос каждого из нас!

ELECTION.GOV.KZ

«Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуін тексеру туралы»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

БИЗНЕС ҒӘМ БИЛІК

Мегаполис инвесторларға ашық алаң ұсынды

**Досбол
АТАЖАН**

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласының әкімі өткен жылы қалаға 2,3 триллион теңгеден астам инвестиция тартылғанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл – мегаполис үшін рекордтық көрсеткіш. Сонымен қатар, Алматы тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша бірінші орында. 2025 жылдың үш тоқсанының қорытындысы бойынша шетелден тартылған инвестиция көлемі 6 миллиард АҚШ долларынан асты. Бұл республика бойынша жалпы көлемнің 40%-дан астамын құрайды.

– Қалада шетелдіктердің қатысуы бар 30 мыңнан астам заңды тұлға табысты жұмыс істеп жатыр. Мұндай көрсеткіштер қаламыздың инвестициялық тартымдылығы жоғары екенін дәлелдейді. 2026 жылы біз осы оң динамиканы сақтауды

жоспарлап отырмыз. Бұл ретте біз үшін тек инвестиция көлемі ғана емес, жобалардың сапасы, жаңа жұмыс орындарын ашу, технологияларды енгізу және қала экономикасын нығайту маңызды, – деді Алматы қаласының әкімі.

Сондай-ақ, Дархан Сатыбалды форум аясында инвесторларды дербес сүйемелдейтін «бір терезе» қағидаты бойынша «жасыл дәліз» жобасы іске қосылғанын жеткізді. Бүгінгі таңда штабтың 10 отырысы өткізілген. Қаланың инвестициялық штабы жалпы құны 1,8 триллион теңгені құрайтын 77 жобаға қолдау көрсетіп жатыр. Жалпы, Алматының инвестициялық пулы құны 2,8 триллион теңге болатын 160 жобаны қамтиды, бұл шамамен, 24 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Ал Алматы қаласының прокуроры Серік Кәріпбеков бизнесті қорғау әрқашан прокуратура қызметінің басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысының соңғы тапсырмаларын ескере отырып, 2024 жылдан

бастап прокуратура органдары тарапынан маңызды инвестициялық жобаларды сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуде. Прокуратура органдарымен 75 түйткілді мәселе шешіліп, салынған инвестиция көлемі 1,6 трлн. теңге болатын 194 инвестордың құқықтары қорғалды. Ашық диалог орнату үшін фронт-офистер құрылып, бизнестің өтініштеріне арналған онлайн-байланыс жүйесі жұмыс істейді. Кәсіпкерлер қауымдастығымен өзара іс-қимыл өңірлік палата арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, прокуратура жанында инвесторлардың құқығын қорғау тобы қызмет етеді, – деді ол.

Серік Кәріпбековтың айтуынша, инвесторларға қатысты заңсыз тексерулер мен басқа да құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесетін «прокурорлық фильтр» механизмі енгізілді. Бұл құрал кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласудың алдын алуға тиімді шараға айналды. Инвесторлардың барлық өтініштері мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен бірінші кезектегі тәртіппен қаралады. Бизнеске

заңсыз араласқаны үшін жауапкершілік күшейтілді, бұл кәсіпкерлер үшін ашық және әділ жағдай жасауға бағытталған.

Кездесу барысында «Kazakh Invest» ҰҚ» АҚ төрағасының орынбасары Айбол Арғынғазиев инвестициялық ахуалды жақсарту үшін цифрлық шешімдер енгізіліп жатқанын мәлімдеді.

– Біз жаңа цифрлық бастамаларды – «Invest.gov.kz» жаңа платформасын іске қосып жатырмыз. Оның аясында жасанды интеллект құралдары, инвестициялық жобаларды цифрлық сүйемелдеу механизмдері және инвестордың белсенділігін бақылауға арналған «Invest ID» жүйесі толық енгізіледі. Сонымен қатар, өңірдің интерактивті картасы әзірленіп жатыр. Онда кен орындары, жер учаскелері, инфрақұрылымдық мүмкіндіктер, іске асырылып жатқан жобалар мен мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат болады. Бұл шаралардың барлығы Азия Даму Банкінің гранттық қаражаты есебінен жүзеге асырылады, – деді Айбол Арғынғазиев.

НАҚТЫЛАНҒАН БЮДЖЕТ БЕКІДІ

**Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ**

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласының Мәслихаты өңірлік кәсіпкерлікті дамытудың жаңа жобасы саналатын «Almaty Business – 2030» бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарлама шағын және орта бизнесті жүйелі дамытуға, қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтуге және мегаполистегі инвестициялық белсенділікті арттыруға бағытталған.

Жаңа бағдарлама қала экономикасының басым салаларын қолдауды күшейтіп, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуды, қаржыландыру шарттарын жетілдіруді

және жаңа инвестициялық тетіктерді енгізуді көздейді.

Қала қазынасы бекітілді

Басты мәселе бойынша экономика және қаржы басқармасының басшысы Бауыржан Құдайбергенов баяндама жасап, 2026 жылға арналған Алматының нақтыланған бюджеті 2 трлн. 806,4 млрд. теңге көлемінде бекітілді. Түзету бюджет қаражатын ішкі қайта бөлу есебінен жүргізілген. Бұл қосымша жобалар жалпы бюджет көлемін арттырмай-ақ қаржыландырылатынын білдіреді. Қаражат қаланың даму басымдықтарын ескере отырып қайта бөлінген.

Биыл қаңтарда қысқа мерзімді экономикалық индикатор индексі 104,2% болды. Өсім

құрылыс, өңдеу өнеркәсібі және сауда салалары есебінен қамтамасыз етілді. 2026 жылы жалпы өңірлік өнімнің өсімі 6% деңгейінде болады деп болжанып отыр. Бюджет қаражаты әлеуметтік сала, инфрақұрылым және көлік жүйесін дамытуға бағытталмақшы.

Тоғыз білім беру нысаны бой көтереді

Алматыда 9 білім беру нысанын салу және құрылысын аяқтау жұмыстары жалғасуда. Аталған жобалар Түркісіб, Алмалы, Алатау, Жетісу және Наурызбай аудандарындағы мектептерді қамтиды. Сонымен қатар, Бостандық ауданындағы «Дарын-1» шағынауданында 900 орынды шығармашылық мектебінің құрылысын аяқтауға және қолданыстағы мектептерге қосымша ғимарат салуға қаржы қарастырылған. Мамыр айында «Алғабас» шағынауданында жатақханасы бар инновациялық техникалық колледжі пайдалануға беру жоспарлануда.

«Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету – Алматы қаласының бюджет саясатының басты басымдықтарының бірі», – деді Бауыржан Құдайбергенов.

Медициналық көмек қолжетімді

Алматыда жаңа перзентхана мен амбулаторияның құрылысы басталады. Перзентхана мен амбулатория құрылысына 3,6 млрд. теңге бөлінеді. Атап айтқанда, Медеу ауданында №2 қалалық перзентхананың жаңа ғимараты және «Шұғыла» шағынауданында бір ауысымда 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория салу жоспарланып отыр. Аталған жобаларды жүзеге асыруға 3,6 млрд. теңге қарастырылған. Бұл

қаланың қарқынды дамып келе жатқан аудан тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау саласын қаржыландыру 2026 жылға арналған нақтыланған бюджеттегі басым бағыттардың бірі болып қала береді.

Үлкен Алматы көліне жаяу соқпақ салынады

Алматыда Үлкен Алматы көліне дейін ұзындығы 5,3 шақырым болатын ұйымдастырылған жүргінші соқпағын салу жоспарлануда. Құрылыс жұмыстарын биылғы жылдың желтоқсан айында аяқтау көзделген.

Сонымен қатар, тамыз айында Наталия Сац атындағы Балалар мен жасөспірімдер театры ғимаратын жаңғырту және оған қосымша құрылыс салу жұмыстары аяқталады. Аталған жобалар қаланың туристік тартымдылығын арттыруға және мәдени инфрақұрылымын дамытуға бағытталғанын басқарма басшысы атап өтті.

Төле би көшесі ұзартылмақ

2026 жылы Төле би көшесін ұзарту жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Аталған жобаны жүзеге асыруға 13,6 млрд. теңге қарастырылған. Оның айтуынша, бұл ауданаралық көлік қатынасын жақсартып, іргелес көшелердегі жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Саин және Оңғарсынова көшелерін ұзарту жұмыстарын аяқтауға да қаржы бөлу көзделген. Бауыржан Құдайбергеновтің айтуынша, қосымша 1,3 млрд. теңге Алатау ауданындағы «Ғажайып» және «Алғабас» шағынаудандарында салынып жатқан жаңа мектептерге апаратын жолдың құрылысына жұмсалады.



ҚАЛА ҚУАТЫ КҮШЕЙЕДІ

Шаһар басшысы Алматының электр желілерін жаңғырту жұмыстарын жеделдетуді тапсырды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қаланың электрмен жабдықтау инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту мәселелері бойынша кеңес өткізді. Жиында атқарылған жұмыстардың нәтижесі қаралып, 2026 жылға және одан кейінгі кезеңге арналған басым бағыттар бекітілді. Бұл туралы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының өкілдері айтты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қала әкімі сенімді энергиямен қамту – мегаполистің тұрақты дамуының, тұрғындардың өмір сапасын арттырудың және жаңа инвестициялық жобаларды іске асырудың негізгі шарты екенін атап өтті.

Жаңғырту бағдарламасы аясында 2026 жылы 379 шақырым электр желісін қайта жаңарту жоспарланып отыр. Оның ішінде 269 шақырымы – «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның басқаруындағы желілер. Сонымен қатар, 14 жаңа жобаны іске қосу және 8 өтпелі жобаны жалғастыру көзделген.



Суретті түсірген: Сәбит СЕІКБАНУЛЫ.

Басымдық жаңа қосалқы станциялар мен тарату пункттерін салуға, сондай-ақ әуе желілерінің бір бөлігін кабельдік форматқа көшіруге беріледі. Бұл шаралар энергия жүйесінің тұрақтылығын арттырып, қаланың қолда-

ныстағы және жаңа аудандарын үздіксіз электрмен қамтуға мүмкіндік береді.

Негізгі жобалар қатарында Жетісу ауданындағы «Кирпичная» қосалқы станциясының құрылысы, «Нұр-Ала-

тау» шағынауданын электрмен жабдықтауды дамыту, сондай-ақ Бостандық, Наурызбай, Алатау және Медеу аудандарындағы желілерді қайта жаңарту бар. Аталған жобаларды іске асыру апат деңгейін төмендетіп, электрмен қамту сапасын жақсартуға және инфрақұрылымның тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы, жаңғырту аясында жаңа қосалқы станциялар салу, трансформаторлық пункттерді қайта жаңарту және электр беру желілерін жаңғырту қарастырылған. Бұдан бөлек, қызмет көрсетудің жеделдігін арттыру және апаттарды жою уақытын қысқарту үшін жаңа аудандық пайдалану бөлімшесін құру жоспарланып отыр.

Кеңес қорытындысы бойынша Дархан Сатыбалды жоспарланған барлық жобаны уақытылы іске асыруды, орындалатын жұмыстардың сапасына бақылауды күшейтуді және энергетикалық инфрақұрылымды жаңғыртуға жүйелі тәсілді қамтамасыз етуді тапсырды.

Кешенді шараларды жүзеге асыру энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттырып, желілердің тозу деңгейін төмендетуге және Алматының одан әрі тұрақты дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

САЯБАҚ СӘНІ АРТАДЫ

Қаламызда ең ірі әрі адам ең көп баратын қоғамдық кеңістіктердің бірі – Тұңғыш Президент саябағын кешенді қайта жаңғырту жұмыстары басталады. Бұл туралы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының өкілдері айтты.

Жоба табиғи ландшафтты, сәулеттік шешімдерді және демалысқа, серуендеуге, белсенді өмір салтына арналған қолайлы инфрақұрылымды үйлестіретін заманауи, жайлы әрі көпфункционалы орта құруға бағытталған. Саябақ 2010 жылы ашылғаннан бері аумақта күрделі жаңғырту жүргізілмеген. Қазіргі таңда инфрақұрылымның бір бөлігі заманауи жайлылық пен функционалдық талаптарға сай жүйелі жаңартуды қажет етеді. Саябақ Бостандық ауданында, әл-Фараби даңғылы мен Дулати көшесінің бойында, Іле Алатауының баурайында орналасқан. Жалпы аумағы шамамен, 62,4 гектар. Кеңістікте орталық аллея, субұрқақтар кешені, амфитеатр, серуен аймақтары мен веложолдар, сондай-ақ тауға панорамалық көрініс ашылатын демалыс орындары

бар. Қайта жаңғырту барысында табиғи ортаны сақтау, жасыл желек қорын дамыту және келушілердің барлық санаты үшін қолайлы инфрақұрылым құруға басымдық беріледі. Жоба аясында кіреберіс аймағы жаңартылып, жүргіншілер бағыты көріктендіріледі, демалыс орындары жаңарып, жаңа функционалдық кеңістіктер жасақталады.

Жаңғырту тұжырымдамасы британдық ландшафт сәулетшілерінің және ел мамандарының қатысуымен әзірленіп, көркейтудің үздік халықаралық тәжірибесіне негізделген. Негізгі мақсат табиғат, сәулет және заманауи демалыс, қарым-қатынас пен қалалық іс-шараларға арналған мүмкіндіктер үйлесім тапқан саябақ қалыптастыру.

Құрылыс жұмыстары бүкіл аумақты толық жаппай, кезең-кезеңімен жүргізіледі. Алғашқы кезеңде негізгі жұмыстар басталатын саябақтың оңтүстік бөлігі уақытша жабылады. Ал орталық бөліктен кіреберіс арқаға дейінгі аумақ келушілер үшін ашық әрі қолжетімді болып қалады.

Бірінші кезең аяқталған соң жаңартылған бөлік қайта ашылып, жұмыс келесі аумақта жалғасады. Осылайша қайта жаңғырту барысына қарай саябақтың жекелеген аймақтары кезең-кезеңімен пайдалануға беріледі. Жобаны іске асыру аумақтың бірегей табиғи әлеуетін сақтауға және жоғары сапалы қалалық орта стандарттарына сай заманауи қоғамдық кеңістік құруға мүмкіндік береді.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



ЖОБА ЖЕТІСТІГІ

Әлеуметтік осал санаттағы 49 үй газға қосылды

Алматыда әлеуметтік осал санаттағы азаматтардың тұрғын үйлерін газдандыру жұмысы жүйелі түрде жалғасып жатыр. Мәселен, өткен жылы 49 үй табиғи газға қосылып, тұрғындар қауіпсіз әрі заманауи жылыту жүйесін пайдалануға мүмкіндік алса, бұл жоба Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, Halyk Bank және Halyk қайырымдылық қорының қатысуымен әлі де жүзеге асырылуда.

Жалпы, газға қосылу жұмыстары кезең-кезеңімен және «кілт тапсыру» қағидаты бойынша жүргізіледі. Әлеуметтік осал санатқа жататын азаматтар үшін барлық қажетті жұмыстар мен жабдықтар жоба аясында толық қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, қаланың аудан әкімдіктері мердігер ұйым – «Тараз Агро Пром Сервис» ЖШС-мен бірлесіп, екінші кезектегі тізімді қалыптастырып жатыр. Тұрғындардан құжаттар қабылданып, жаңадан түскен өтініштер бойынша қосымша тексеру тізімі жасалды. Бүгінгі таңда қала бойынша табиғи газға қосылған тұрғын үйлер саны 504,7 мыңнан асты.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

МҰЗҒА ДА МҰҚИЯТ БОЛЫҢЫЗ!

«Қауіп қайдан» деменіз... Басқан қадамыңызға мұқият болмасаңыз, көк мұз бен қалың қардан да келер қауіп жеткілікті. Осыдан бірер жыл бұрын қала тұрғынын шатырдан құлаған мұз мерт қылғаны да есімізде. Сондықтан қыста да қауіп барын естен шығармаған жөн. Осыған орай Алматыда басқарушы ұйымдардың шатырларды тазалау жұмыстары жөніндегі міндеттері түсіндірілді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының мәліметінше, Алматыда көппәтерлі тұрғын үйлерге қызмет көрсететін басқару ұйымдары шатырларды, маңдайшаларды және ортақ мүлікке жататын өзге де құрылымдарды қар мен мұздан уақытылы тазалауға міндетті. Бұл ретте қолданыстағы заңнамаға және ортақ мүлікті күтіп ұстау шығындарын есептеу әдістемесіне сәйкес, кондоминиум нысандарын басқару ұйымдарының, оның ішінде МИБ, ПИК және

басқарушы компаниялардың құзыретіне тұрғын үйлер мен оған іргелес аумақтардың тиісті санитарлық әрі техникалық жағдайын қамтамасыз ету жатады.

Сонымен қатар, мұндай міндетті жұмыстар тізбесіне аулаларды күтіп ұстау, қар мен мұзды тазалау, шатырлар мен маңдайшаларды және ортақ мүліктің басқа да құрылымдарын мұз құрсауынан арылту, т.б. кіреді. Әрине, мұндай шаралар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталып отырғаны белгілі. Аталған жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау ерекше маңызға ие. Тазалау барысында қауіпті аумақтар ескерту лентасымен қоршалып, тұрғындар алдын ала хабардар етілуге тиіс.

Сондай-ақ, барлық жұмыс қауіпсіздік техникасы талаптарына сай жүргізілуі қажет. Ортақ мүлікті тиісінше күтіп ұстамау, оның ішінде қар мен мұзды уақытылы тазалау үшін жауапкершілік басқару ұйымының төрағасына немесе қызмет көрсетуші ұйымға жүктеледі. Зиян келтірілген немесе даулы жағдай туындаған шақта тұрғындар өз құқығын заңнамада белгіленген тәртіппен, оның ішінде сот органдарына жүгіну арқылы қорғауға құқылы.

МАҢЫЗДЫ САЯСИ КЕЗЕҢ:

Алматыда дайындық қалай жүріп жатыр?

11 ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. 12 ақпанда Жарлық пен Конституция жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жария етілді. Осы сәттен бастап ел бойынша референдумға дайындықтың жоспарлы кезеңі басталды. Өзге өңірлермен қатар Алматыда да маңызды саяси науқанға қызу дайындық жүріп жатыр.

Елдегі ең ірі мегаполисте референдум дайындығы қалай жүргізілуде? Қандай жұмыстар атқарылды және тұрғындарды ақпараттандыру қалай ұйымдастырылып жатыр? Осы сауалдарға Алматы қаласының аумақтық референдум комиссиясының төрайымы Айгүл ҚАЛЫҚОВА жауап берді.



– Айгүл Оразқызы, қаламызда референдумға дайындық қалай жүріп жатыр?

– Жұмыс Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы бекіткен Күнтізбелік жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр. Алматыда 9 аумақтық және 654 учаскелік комиссия жұмыс істейді. Референдумға

қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі жаңадан жасалды. Қазіргі уақытта тізімге 1,3 миллионнан астам адам енгізілген. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, азаматтардың түпкілікті тізімдерін учаскелік референдум комиссияларына беру 22 ақпанға – дауыс беру күніне 20 күн қалғанда жоспарланған.

Қазір негізгі кезең – комиссия мүшелерін оқыту. Референдум күні жұмыстың нақты әрі үйлесімді өтуін қамтамасыз ету үшін жүздеген семинарлар мен практикалық сабақтар жоспарланған.

– Азаматтарды ақпараттандыру жұмысы қалай ұйымдастырылып жатыр? Қала тұрғындары сенімді ақпаратты қайдан ала алады?

– Тұрғындарға ақпарат алу ыңғайлы болуы үшін бірыңғай

1308 Call-орталығы жұмыс істейді. 23 ақпаннан бастап әкімдік пен Open Almaty сайттарында өзіңізді тізімнен тексеруге болады, мұндай мүмкіндік Telegram-бот арқылы да қолжетімді болады. Барлық ресми ақпарат Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының сайтында және Алматы қаласының аумақтық референдум комиссиясының сайтында жарияланады. Сонымен қатар, қала бойынша LED-экрандар іске қосылып, ақпараттық баннерлер орналастырылған.

– Референдум туралы ақпараттың жастарға, қарттарға және мүгедектігі бар азаматтарға қолжетімді болуы үшін қандай іс-шаралар қабылданған?

– Біз ақпараттың баршаға жетуі үшін әртүрлі коммуникация арналарын қолдануға тырысамыз. Жастар үшін бұл ең алдымен онлайн-сервистер, мессенджерлер және әлеуметтік желілер. Аға буын үшін – теледидар, баспа басылымдары, радио және ақпараттық стендтер. Ақпараттық материалдар қоғамдық көліктерде, медициналық мекемелерде, аялдамаларда орналастырылып жатыр. Учаскелер қолжетімділік талаптарын ескере отырып жабдықталған, бұл мүгедектігі бар азаматтардың өз құқықтарын жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Әрбір алматылық өзіне ыңғайлы форматта ақпарат алуы маңызды.

– Қазіргі уақытта комиссия жұмысының негізгі бағыты қандай?



– Қазір біз комиссия мүшелерін оқыту, учаскелердің дайындығын тексеру, азаматтар тізімдерін беру және техникалық процестерді баптау сынды ұйымдастырушылық кезеңді аяқтап келеміз. Референдум күні барлық үдерістердің нақты әрі

ірікліссіз жұмыс істеуі маңызды. Біздің міндетіміз – дауыс беруді ұйымдасқан түрде өткізу және тұрғындарға оның тәртібі туралы түсінікті ақпарат беру.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ

Жетекші партиялар түсіндіру жұмысына кірісті

Қаладағы түрлі қоғамдық топтар арасында конституциялық реформаның маңызы әр қырынан талқылануда. Жаңа Конституция жобасын ел азаматтарына кеңінен түсіндіру жұмыстарына саяси партиялар да белсенді атсалысуда. Айталық, «Аманат» пен «Ауыл» партиясының өкілдері Алматыдағы жұмысшы топтарымен кездесіп, реформаның мәні мен маңызын ашық алаңдарда талқылады.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

«АМАНАТ» қолдауға
шақырды

«Аманат» партиясы өкілдерінің еңбек ұжымымен кездесуін жетекші партияның Бостандық аудандық филиалы ұйымдастырды. «Беккер и К» компаниясының қызметкерлерімен өткен мазмұнды кездесудің басты ұраны «Әділетті және прогрессивті Қазақ-станның халықтық Конституциясы үшін» деп аталды. Кездесуде «Аманат» партиясының Бостандық аудандық филиалының төрағасы Тынышқали Сәбден, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Заң факультетінен Уәлихан Ахатов, сондай-ақ, қоғам қайраткері Роза Кәрібжанова қатарлы спикерлер елдегі конституциялық реформаның маңызын түсіндіріп, қызметкерлердің сұрақтарына жауап берді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Заң ғылымының кандидаты Уәлихан Ахатов Конституциялық реформа ұзақ уақыттан бері жүріп келе жатқан елдегі саяси-әлеметтік үрдістің нәтижесі екеніне тоқталып, саяси реформаның аса маңызды мәнін түсіндіріп өтті:

– Бұл реформаның басты ерекшелігі – халықтың тікелей қатысуы. Сонымен қатар, құрылымдық өзгерістер қарастырылып отыр. Атап айтқанда, екі палаталы жүйеден бір палаталы парламентке көшу ұсынылуда. Бұл заң шығару процесін оңтайландырып, халықтың үнін тікелей жеткізуге мүмкіндік береді. Конституция – мемлекеттің негізгі құжаты. Біз осы құжатпен өмір сүреміз, елдегі ішкі және сыртқы саясаттың барлығы соған негізделеді.

Сондықтан оған ерекше жауапкершілікпен қарау қажет, – деді.

Жұмысшы тобымен кездесудің нәтижесінде, жаңа Конституция жобасының ел дамуы үшін маңызы кеңінен түсіндіріліп, қатысушылар елдегі маңызды реформалық қадамды қолдайтындарын жеткізді.

«Ауыл» Ата Заңды
дәріптеді

«Ауыл» партиясы өкілдері елдегі саяси жаңғыру үрдісін кеңінен талқылап, жастардың азаматтық ұстанымдарын айқындау мақсатында Алматыдағы Мемлекеттік ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық ізденістер институтының жас маман-

дарымен кездесті. «Конституциялық реформа – елдің ұзақ мерзімді дамуының негізі» атты тақырыпта өткен кездесуге кәсіпорынның жас қызметкерлері, сала мамандары мен сарапшылар қатысты. Еркін форматта ұйымдастырылған басқосу барысында қатысушылар конституциялық реформалардың мәні мен маңызына тоқталып, олардың ел дамуына, мемлекеттік басқару жүйесіне және азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктеріне әсерін кеңінен талқылады.

Жиында Ата Заңға енгізілген өзгерістердің стратегиялық сипаты, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік, қоғам мен мемлекет арасындағы жауапкершіліктің артуы сөз болды. «Ауыл» партиясы төрағасының орынбасары Қуаныш Қабыкенұлы өз партиясының жаңартылған Конституция жобасын толық қолдайтынын, осы мақсатта көптеген өңірлерде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатқанын жеткізді.

– Президентіміз Конституцияның жаңа жобасын референдумға шығару туралы Жарлыққа қол қойды. Осыған байланысты біз де референдум аясында үгіт-насихат және түсіндіру жұмыстарын бастап кеттік. Бүгін партия белсенділері мен жастар өкілдерін жинап, жаңа Конституция жобасына қатысты сұрақтарға жауап беруді мақсат еттік. Кездесуге белгілі құқықтанушылар мен заңгерлер де қатысып отыр. Бүкіл ел көлемінде кең ауқымды талқылау жүріп жатыр. Бүгінгі күнге дейін тұрғындар тарапынан 5 мыңнан астам ұсыныс түсті. Бұл – азаматтарымыздың жоғары азаматтық белсенділігінің айқын көрінісі, – дейді «Ауыл» партиясының өкілі.

Басқосуда сарапшылар реформалардың ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті. Ал жас мамандар өз кезегінде құқықтық өзгерістердің еңбек нарығына, кәсіби дамуға және азаматтық белсенділікке ықпалы жөнінде пікір білдірді.



ӘДІЛЕТТІ БОЛАШАҚ ЖОЛЫНДА

Алматылықтар реформаға қолдау білдірді

Қоғамдық ой-пікірлерді қалыптастырушы ретінде Алматы қаласының әрбір саяси реформалар кезінде маңызы арта түседі. Сондықтан да қаламызда «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» атты Жалпыұлттық коалиция құрылып, Конституциялық реформа жөніндегі референдум тақырыбында ауқымды талқы мен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ғалымдармен жүздесу

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Конституциялық реформа: Ұлы Дала мемлекеттілігінің жаңа белесі» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Тарих факультетінде конференц-залында ұйымдастырылған жиынға ғалымдар, тарихшылар, профессор-оқытушылар, докторанттар мен магистранттар қатысты.

«Дөңгелек үстелді» жүргізген тарих факультетінің деканы Досбол Байқонақов реформалардың маңызына тоқтала келіп, ұсынылған жаңа Конституция Ұлы Дала мемлекеттілігінің тарихи сабақтастығын заң жүзінде бекітіп, әрі «Әділетті Қазақстан» құру жолындағы берік құқықтық негіз қалайтынын жеткізді.

Жиынға қатысушылар демократиялық институттардың эволюциясына ерекше назар аударды. Профессор Берекет Кәрібаев өз сөзінде ежелгі дәстүрлер мен қазіргі заман арасындағы ұқсастықтарды келтірді. Оның пікірінше, Ұлы Дала демократиялық дәстүрлері ежелгі далалық заңдардан бастау алып, қазіргі Конституцияда логикалық жалғасын табады.

Қатысушылар қазіргі конституциялық реформалардың билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті күшейтіп қана қоймай, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімге негізделген жаңа қоғамдық келісімнің қалыптасуына жол ашатынын атап өтті.

Медицина мамандарымен мәміле

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» атты Жалпыұлттық коалиция өкілдері қаладағы медицина мамандарымен кездесті. Ашық диалог алаңын «Keruen-Medicus» компаниясының ұйымдастырды.

Кездесуге Алматы қаласы Мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Айгүл Шалбаева, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі Сергей Пономарев, «Алматы қаласы мүгедектер қоғамы» ҚБ төрағасы Ұлан Әскербекұлы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Еркін Дүйсенов және денсаулық сақтау саласының өкілдері қатысты.

Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев медицина саласының қызметкерлеріне жаңа Конституциядағы ең елеулі өзгерістер туралы кеңінен түсіндірді. Вице-президент лауазымының пайда болуы, Парламент құрамының өзгеруі, сондай-ақ, болашақ Құрылтай құрамына Президент пен Ассамблея квоталарының алынып тасталғаны сынды маңызды мәселелерді және олардың мән-маңызын терең талдап жеткізді. Әрі әр азамат референдумда тікелей таңдау жасап, ұсынылған өзгерістердің мәнін түсініп, саналы шешім қабылдауы тиіс екенін айтты.

Кездесу ашық диалог форматында өтіп, қатысушылар өз пікірлерін еркін білдіруге мүмкіндік алды. Мұндай кездесулер қоғам мен түрлі сала өкілдері арасындағы байланысты нығайтып, елдегі реформалардың мазмұнын халықпен бірге талқылауға жол ашады.

Өнер ұжымы реформаны қолдады

Алматыда Жалпыұлттық коалиция штабының мүшелері «Алатау» дәстүрлі өнер театры ұжымымен де кездесіп, конституциялық реформаның бағыт-бағдары және Референдумның мән-маңызын талқылады.

– Жаңа Конституция – бұл жай ғана заңдар жиынтығы емес, ол – мемлекетіміздің берік іргетасы, қоғам өмірінің негізгі бағытын айқындайтын басты құжат болмақ. Сондықтан ондағы әр бап, әр тармақ ел тағдырымен тығыз байланысты өрілген. Жаңа Конституцияда, әсіресе, адами капиталға аса мән берілген, – деді штаб мүшесі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қарагөз Сүлейменова.

Спикерлер Референдум – әр азаматтың ел дамуына өз көзқарасын білдіру құқығы екенін айта келе, өнер ұжымын белсенді азаматтық ұстаным танытуға шақырды.

– Әр дауыс – ел болашағына қосылған үлес. Бүгін қабылданған шешім ертеңгі жарқын өміріміздің бағдаршамы десек, қателеспейміз. Сондықтан Референдумнан қалыс қалмайық. Еліміздің дамуы мен тұрақтылығы – бәрімізге ортақ құнды-

лық», – деді штаб мүшесі, «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев.

Ал өз кезегінде «Алатау» театры ұжымы атынан сөз сөйлеген өнер өкілдері конституциялық реформаны қолдайтындарын білдірді.

Архившілермен әңгіме

Мегаполисте құрылған Жалпыұлттық коалиция штабының мүшелерінің конституциялық реформаны қолдауға арналған кеңейтілген жиыны Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде өтті.

Тәжірибелі архивистер мен жас мамандар қатысқан жиында жаңа Конституцияның мазмұны мен мән-маңызы жөнінде әңгіме өрбіді. Штаб мүшелері Конституция – мемлекеттің құқықтық негізін айқындайтын басты құжат екенін атап өтті. Жаңа жоба қоғамдағы саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерді ескере отырып әзірленгенін де баса айтты.

– Кешегі Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, әз-Тәукенің «Жеті жарғысындағысы» дейміз, соның бәрі қазақ халқының бұрын да белгілі бір заңдық қағидаттарға сүйеніп өмір сүргендігін байқатады. Қазіргі жаңа Конституция жобасында бірінші орынға адам факторы, адами капитал шығып отыр. Ғылыммен айналысу, мәдени еркіндік дейсіз бе, зияткерлік меншіктің шығармашылық жағынан қорғалуы – осының барлығы жаңа Конституцияда тайға таңба басқандай жақсы жазылған, – деді Жалпыұлттық коалиция штабының мүшесі, ақын Бауыржан Жақып.

Мінберден сөз алған өзге спикерлер де жаңа Конституция жобасында адам құқығы мен бостандығын қорғауды күшейту, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, азаматтардың шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту, жергілікті өзін-өзі басқару институттарын нығайту сынды маңызды бағыттар қамтылғанын атап өтті.

Суретшілер Конституция жобасын талқылады

Қазақстан Республикасы Суретшілер одағында жаңа Конституцияны қолдауға арналған кездесу өтті. Іс-шараға Суретшілер одағының мүшелері, хатшылық, ревизиялық комиссия және әкімшілік өкілдері қатысты.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Әкежан Кеңесов «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» атты жалпыұлттық коалиция құрылғанын жеткізіп, тұрғындармен қоғам өкілдері кездесулерде жаңа

Конституция жобасы бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты.

«Еліміз дамудың жаңа кезеңінде тұр. Конституцияға 80 пайыздан астам өзгерістер енгізілді. Әсіресе, ғылым мен инновацияға конституциялық мәртебе берілуі Қазақстанның стратегиялық бағытын айқындайды, бұл ел дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарын нақтылай түседі. Қазір әлемде мемлекеттер тек табиғи байлықтарымен емес, адами капитал арқылы бәсекеге түседі. Сондықтан экономика ғылым мен инновацияға негізделсе, Қазақстан бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылады», – деді Әкежан Кеңесов.

Ал талқы барысында Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов кездесуде қылқалам шеберлерімен заманауи сын-қатерлерге жауап беріп, ел дамуын айқындайтын басты құжатты жан-жақты талқылау өнер қауымдастығы, оның алдағы дамуы үшін де маңызды екенін айтты.

Студенттермен ой бөлісті

Ел өміріндегі маңызды саяси реформалар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қабырғасында да талқы тақырыбына айналды. Абай университетінде өткен мазмұнды кездесуге жоғары оқу орнының оқытушылары, студенттер және қоғам белсенділері қатысты.

Кездесуде алдағы референдумның мәні мен маңызы кеңінен талқыланды. Жалпыұлттық коалиция мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Айгүл Құспан референдумның құқықтық негіздері, оның демократиялық қоғамдағы рөлі мен азаматтардың саяси белсенділігін арттырудағы маңызы жөнінде баяндама жасады.

Ал Жалпыұлттық коалиция мүшесі, Алматы қаласы Мәслихат төрағасы Мейіржан Отыншиев әрбір азаматтың ел болашағына бей-жай қарамай, қоғамдық-саяси үдерістерге белсене қатысуы қажет екеніне тоқталды.

Кездесу ашық пікір алмасу форматында өткендіктен студент жастар өз ойларын ортаға салды. Олар үшін бұл шара құқықтық сауаттылықты арттыруға, азаматтық ұстанымды қалыптастыруға үлкен мүмкіндік болды.

Университет басшылығы мұндай тағымды кездесулердің алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді. Себебі, білім ордасы тек кәсіби маман даярлап қана қоймай, елжанды, белсенді азамат тәрбие леуді де басты міндеттердің бірі санайды.

Әзірлеген тілшілер тобы.





ТҰЛҒАТАНУ

«Менің айтыстағы беделім шығармашылығымды басып кете береді. Жұрт мені көбіне сол жағынан таниды. Менің есімді білгеннен бергі кәсібім, құштарлығым – әдебиет, өлең, қара сөз», – деген еді бір сұхбатында қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Жүрсін ЕРМАН.

Нұржамал
ӘЛІШ

Иә, ол небәрі 15 жасында аудандық газетке әдеби қызметкер болып жұмысқа тұрған. Ал 17 жасында бөлім меңгерушісі болып тағайындалады. М.Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Отан», «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Жүрсін Ерманның үнемі аламан айтысына жиналатын көрермен кеше Республика сарайында оның өлеңмен өріліп, қара сөзбен өрнектелген «Ұлытаудан – Алатауға» атты ән-жыр кешінде бас қосты.

Кейіпкердің 75 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кештің шымылдығын ашқан Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып, Мемлекет басшы-



(Сурет: Алматы әкімдігі)

«ҚҰШТАРЛЫҒЫМ – ӘДЕБИЕТ, ӨЛЕҢ, ҚАРА СӨЗ»

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін ЕРМАН
«Халық жазушысы» атанды

КЕШТІҢ ӘЗІЛІ

«Деген екен...»

Бірде Ақтау қаласында дүбірлеген айтыс өтеді. Ұйымдастырушылардың арасында намаз оқитын діндар азаматтар да бар екен. Солардың бірі көпшілікпен қоштасқан кезде «Иншалла, жұмақта жолығайық» деген сөзді әдет қылса керек. Айтыстың соңында әлгі намазхан жігіт келген қонақтармен қоштасып тұрып, әдеттегі сөзін қайталай береді. Содан мезі болған Жүрсін Ерман: «Сен елдің бәрін жұмаққа шақырып алып, біз барғанда өзің болмай қалып жүрме!», – деген екен.

Ақын Рафаэль Ниязбеков бір отырыста Ерманның мақтауын жеткізбекші болып: «Жүрсін деген арыстан кеуделі, жолбарыс жүрексіз азаматымыз ғой!» деп бастай жөнеліпті. Қалжыңы дайын тұратын ақын: «Оу, Рафеке, мақтаймын деп менің кеудемді зоопаркке айналдырып жібердіңіз ғой», – деген екен.

Тағы бірде Жүрсін Ерман жолаушылап келе жатып жанындағы адамдармен бір ауылдағы үйге құдайы қонақ болып түсіпті. Тек теледидардан көріп жүрген адамды көзбен көргенде есі шығып кеткен үй иесі сасқалақтап: «Жүке, хош келдіңіздер, сіздерге ет асайық па, әлде қуырдақ қуырып жіберсін бе?», – деп зыр жүгіріп жүр дейді. Сонда саспайтын Жүрсін Ерман: «Үйіңізде қазаныңыз біреу-ақ па еді?», – деген екен.

Бір күні Қазақ радиосының бас директоры Жүрсін Ерманның кабинетінің алдында отыратын хатшы қыз қазіргі жастардың сән үлгісімен екі құлағына үлкендігі өзінің басының жартысындай дөңгелек сырға тағып келіпті. Соны байқаған Жүкең: «Сен өзі құлағыңа люстра тағып алғансың ба?», – деген екен.

ІНІЛІК ІЛТИПАТ

Аманжол ӘЛТАЙ,
айтыскер ақын,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

Ұлттың ұлық өнерінің шырақшысы

Жүрсін ағамыз саналы ғұмырын қазақтың, ұлттың ұлық өнері – айтысқа арнады. Менің танымымда, Жүрсін ағамыздың мына жарық дүниеге келгендегі ең алғашқы миссиясы осы көне өнерді қайта тірілтуге, қайта жаңғырту болғандай көрінеді де тұрады. Есіңізде ме, ұстаз, үкім желпілдеп, мұртым енді ғана тебіндеп келе жатқан мені және мен секілді қазақ даласының түкпір-түкпірінен тапқан талантты ақындарды жетелеп әкеліп дәл осы сахнаға алып шыққаныңыз?! Бұлттан шыққан күн секілді, қынаптан шыққан қылыш секілді қазақтың айбарлы айтыс өнері бүгін ұлттың сөзін айтатын ұлт мінберіне айналса, ол біздің ұстазымыз Жүрсін Ерманов ағамыздың толағай еңбегі. Бәрімізді балапандай баптағаныңыз үшін, тұлпардай аялап топқа қосқаныңыз үшін, ауылдың қара балаларын бүкіл Алашқа танытып, қазақтың ақыны деген даңққа бөлегеніңіз үшін айтыс ақындарының атынан ризашылығымды білдіремін.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



сының Жарлығымен Жүрсін Ерманға «Қазақстанның халық жазушысы» құрметті атағы берілгенін хабарлады.

«Халқымыз сізді беделді қоғам қайраткері әрі талантты публицист ретінде жақсы біледі және құрметтейді. Айтыс өнерін жаңғыртуға қосқан үлесіңіз айрықша. Ел бірлігі мен халықтар достығын арқау еткен шығармаларыңыз оқырманға жақын әрі түсінікті. Сізге зор денсаулық пен шығармашылық табыс тілеймін», – делінген Президент құттықтауында.

Осынау әдемі кеште Алтынбек Қоразбаев, Қыдырәлі мен Қарақат, Тоқтар мен Бейбіт, Мирас пен Құралай, Жанболат пен Жазира, Еркін Нұржан, «Жігіттер» сынды

өнер жұлдыздары Жүрсін Ерманның сөзіне жазылған әндерді шырқап, көрерменін сырлы сезімге бөледі. Әлемдік аренада жүрген «Ұлытау» тобы да осы кеш төрінен табылды. Театр актерлері ақынның өлеңдерін, қара сөздерін оқыды. Серік Ақсұңқар, Ұлықбек Есдәулет, Ғалым Жайлыбай, Жанарбек Әшімжан сынды алдаспан ақындар мерейтой иесіне деген ілтипатын жыр жолдарымен жеткізді. Кеште мың бұралған арулардың биіне де орын берілді.

Жүрсін Ерманның дауысын айнытпай салатын пародияшы Олжас Сыдықбек ақынның «...деген екен» деп келетін әзілдерінің бір парасын орындап, залды күлкі-

ге көмді. Кезінде ақынның өзі баптаған Дидар Қамиев, Жансая Мусина, Нұрлан Есенқұлов арнау айтып, жырдан шашу шашты. Аманжол Әлтай бастаған «Жүрсіннің жүйріктері» түгел бой көрсетіп, тікесінен тік тұрып құрмет білдіріп, өздеріне талай айтыста талай тұлпар мінгізген ұстазға су жаңа автомобиль кілтін табыс-тады.

Артық сөз, әсіре мақтаудан ада, басаяғы жұп-жұмыр, жинақы болған салтанатты кеште ән, би, өлең, қара сөз дейсіз бе, тіпті әзілмен өрілген сәттердің бәрі заманауи технологиямен жабдықталған, сан бояумен, ұлттық өрнектермен құбылған сахнамен үйлесім тауып, көрерменін

ерекше мәдени кеңістік құшағында тербетті.

Кеш соңына қарай Жүрсін Ерманның өзі де ел аузында жүрген бірнеше өлеңін оқып берді. Өмірлік серігі, талай жырының кейіпкері һәм мұзасы болған зайыбы – Қазақ телевизиясының дикторы Бақытжамал Ерманованың ақын жанында жарасып, қолдап отырғаны да көпшіліктің ілтипатын оятқаны анық.

Кеш соңында мерейтой иесіне Алматы қаласы әкімдігінің атынан ықылас гүлі табыс етілді. Алматыға айбар берген Алатау секілді айтыстың айбары бола білген Жүрсін Ерманның шығармашылық кеші осылай түйінделді.

Ж.ЖАБАЕВ – 180

ЖАМБЫЛ ЖЫРЫ ЖАН ТЕРБЕТТІ

Қазақстан Жазушылар кітапханасында Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойына орай «Жамбыл жыры – халық үні» жыр кеші өтті.

Халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілі, ұлы ақын, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың мерейтойына арналған іс-шара Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының Қоғамдық даму орталығы мен Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің Қазақстан Жазушылар кітапханасымен бірлесіп ұйымдастырылды.

– Бүгін біз қазақ халқының маңдайына біткен ұлы перзенті, жыр алыбы – Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойына арналған рухани кешке жиналып отырмыз. Бұл – тек бір ақынның мерейтойы емес, бұл – тұтас бір дәуірдің, халықтың жүрегінен шыққан асыл сөздің, ұлттық рухтың мерекесі. Іс-шараның мақсаты – қазақ халық поэзиясының көрнекті өкілі, жырау Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын кеңінен на-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

сихаттау, оның айтыс пен жыр дәстүрін дамытудағы тарихи рөлін таныту, поэзиясы арқылы ел бірлігі, отансүйгіштік, адамгершілік және ұлттық рух құндылықтарын жас ұрпақ санасына сіңіру, сондай-ақ халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылықты арттыру, – деді Ішкі саясат

басқармасы Қоғамдық даму орталығы басшысының орынбасары Айнұр Рысқұлова.

Іс-шараға Жамбыл атындағы әдеби-мемориалдық музейдің директоры, тарихи тұлғаның немересі Салтанат Жамбылова, сондай-ақ мәдениет, әдебиет

өкілдері, ақын-жазушылар мен жас оқырмандар қатысты. Кітапхана аумағында жыраудың мұражайынан әкелінген экспонаттар қойылып, оның шығармалар жинағынан кітап көрмесі ұйымдастырылды.

– Бір ғасыр өмір сүрген Жамбыл атамыз – өмірінің әр кезеңінде әртүрлі бағыттарды, әртүрлі тақырыпты қозғай отырып оны жырлап, қоғамдық дамуға ықпал етуші тұлға болды. Оның ғұмырнамасымен, шығармашылығымен тану үшін дұрыс таңдалған кітап қоры қажет. Сондықтан жастарымыздың арасында Жамбыл мұрасын алғаш танимын деушілер болса, біз «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығын және Жамбылдың өз тұлғалық энциклопедиясын ұсынамыз. Одан бөлек, 1982 жылдан бастап жыраудың таңдамалы шығармалар жинағы шығып отырды. 1996, 2007, 2011, 2014 жылдары томдық болып өлеңдері басылып шығарылды. Ал ақын шығармашылығын тереңірек зерттеу үшін 2021 жылы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арнайы шығарылған 10 томдықты ұсынамыз, – деді Қазақстан Жазушылар кітапханасының қызметкері Жанәлі Аликова.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЕЛ ЕРКЕСІ

ӘЛЕМДІ ӘНМЕН ӘЛДИЛЕГЕН

Димаш Құдайберген бала күнгі домбырасын музейге табыстады



Биыл қазақ руханиятының рухын көтерген, төл өнерімізді төрге оздырған Алаштың ардақты ұлы Әзбекәлі Жәнібековтің туғанына 95 жыл толса, өзі мұрындық болып ашып берген Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне 45 жыл толып отыр. Осынау айтулы оқиғалардың құрметіне әнші, композитор, Қазақстан және Қырғыз Республикасының Халық әртісі Димаш Құдайберген арнайы ат басын бұрып, жеке қорындағы музыкалық аспаптардан құралған «Димаш: бір дауыс – мың ел» атты көрменің ашылуына қатысты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Салтанатты кеш жас өнерпаз балалардың орындауындағы С.Сейфуллиннің «Тау ішінде» әнімен басталды. Балалардың өнеріне ерекше ризашылығын білдірген Димаш олардың әрбірінің қолын қысып, құрмет көрсетті.

Алғаш сөз алған Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев ұйымдастырылып отырған көрме өнер арқылы халықтарды жақындастырып жүрген дарын иесінің мәдени миссиясын дәріптеп, мемлекеттер арасындағы достық байланыстарды нығайтуды мақсат етіп отырғанын жеткізді. Сонымен қатар, экспозиция әншінің мыңдаған жанкүйеріне оның жеке мұрасымен жақынырақ танысуға мүмкіндік беретінін, бұған қоса халықаралық деңгейдегі жетістіктерін де таныстыратынын тілге тиек етті. Ұлттық музыкалық аспаптардың маңызын кеңінен насихаттауға жол ашып отырған көрме жұмысы екі айға созылатынынан да хабардар етті.

Келесі сәтте әлемді әнімен әлдилеп жүрген Димаш Құдайберген мен ата-анасы Қанат пен Света Айтбаевтарды ортаға шақырды.

– Аталмыш көрме тек жеке коллекцияны көпшілікке таныстыру ғана емес, ұлттық өнерді ұлықтап, әлем халықтарының музыкалық мұрасын бір кеңістікте тоғыстырған тағылымды бастама. Бұл бастаманы бізде өте ризашылықпен қабылдадық. Димаш әлемнің біраз түкпірінде болды. Осындай өнер сапарларында жанкүйерлері оған түрлі сыйлықтар, кәдесыйлар беруге тырысады. Әсіресе, музыкалық аспаптардың ұзын саны 70-тен асып кетті. Біз отбасымызбен ақылдаса келе, «Димашты құрметтеп жатқан өзге елдердің де өнерін неге құрметтемеске» деп, барлық музыкалық аспаптарды Ықылас атындағы музейге табыстағанды жөн деп шештік, – деді Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, әнші, сазгер Қанат Айтбаев.

«Бұл аспаптарды елімізге әлемнің әр түкпірінен жеткізу де оңай болған жоқ. Әрбір аспаптың өз тарихы бар, біз үшін өте ыстық. Сынып қалмаса екен деп, тіпті көрпеге орап, сыртынан скочтаған да кезіміз болды. Бұл жәй аспаптар емес, түрлі халықтың ұлттық мұрасын танытатын құнды дүниелер. Осынау тарихи дүниелерін табыстаған әлемдегі барлық Димаштың жанкүйерлеріне алғысымыз шексіз», – деді Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Светлана Айтбаева.

– Мен үшін бұл жәдігерлердің барлығы ыстық. Олардың арасынан «ерекше мынау ұнайды» деп бөлектегенім әбестік болар. Мен де шетелде өнер көрсеткенімде міндетті түрде қазақтың домбырасын ала барамын. Қанша елге барып, тарту еткенімде есеп жоқ, – деді Димаш. Осылайша дүлдүл Димаш музей қорына өзінің жеке екі бірдей домбырасын табыстады. Оның бірі – атасы сыйға берген, бала кезінен серік еткен домбырасы болса, екіншісі әншінің қолтаңбасы қашап жазылған домбыра. Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Құдайбергенқызы музей ұжымының атынан өнер иесіне қазақтың ұлы ойшылы әрі композиторы Абай Құнанбайұлы домбырасының дәл көшірмесін сыйға тартты.

Сонымен, қала тұрғындары мен қонақтары екі ай бойы Ықылас музейінің төрінен орын алған 2011-2012 жылдары Халықаралық 30/31 ғарыштық экспедициясында болған якут халқының дәстүрлі «чөмчөө уус» аспабы, Майкл Джексонның жеке стилисті Гоко Залди арнайы әзірлеген сахналық костюм, әлемге әйгілі румындық виртуоз Георге Замфир сыйға тартқан пан-флейта, сондай-ақ Димаштың нағашы атасы табыстаған отбасылық мұра – баян аспабы және өзге де құнды бұйымдарды тамашалай алады.





ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығында биылғы қаңтар айындағы ҰБТ-ның қорытындысы шыққаны белгілі болды. Кезекті сынаққа еліміз бойынша 184 мың талапкер қатысса, олардың 26 мыңнан астамы Алматы қаласынан. Бір қуанарлығы, түлектердің басым бөлігінің шекті балды еңсергені байқалып отыр. Осынау сынақ нәтижесі мен сертификаттарды жеке кабинеттен көруге болады. Сонымен, ҰБТ–2026 сынағының қалай өткенін Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының Алматыдағы бөлімшесінің жетекшісі Жұмабике Сұлтанова баяндады.

Рая
ЕСКЕНДІР

Үміт пен үрей

Ұлттық тестілеу орталығының мәліметінше, қаңтардағы ҰБТ-ны Қазақстанда 75%-ы қазақ тілінде, 25%-ы орыс тілінде тапсырған, тағы 113 адам ағылшын тілін таңдаған көрінеді. Қатысушылардың 68%-ы шекті балды жинаса, орташа көрсеткіш 64 балды, ең жоғары нәтиже 138 балды құрап отыр. Биыл да «Математика–Физика» танымалдығымен алда тұр. Өйткені, қатысушылардың 19,2%-ы осы пәндерді таңдаған. Екінші орында «Биология–Химия» – 16,8%, үздік үштікке «Шығармашылық емтихан» – 9,8% кірді.

«Қаңтардағы ҰБТ талапкерге дайындығын бағалап, сынаққа психологиялық тұрғыда әзірленуге мүмкіндік береді. Біз түлектердің тұрақты нәтижер мен пәндік комбинацияларды саналы түрде таңдағанын байқап отырмыз. Барлық сертификат жеке кабинетте тұр, Республикалық апелляциялық комиссияның жұмысы осымен аяқталды», – деп бастады сөзін Жұмабике Сұлтанова.

Тыйым салынған заттар тыйылар емес

Спикердің айтуынша, талапкерлер тест тапсырмасының мазмұны бойынша тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде,

ҰБТ психологиясы: СЫНАҚТА САБЫРЛЫ ҰТАДЫ



Суретті түсірген: А.К.БАЙҰЛЫ

техникалық себептер бойынша тестілеу барысында апелляция бере алды. Қазірдің өзінде барлығы 19 мыңға жуық өтініш түссе, оның ішінде екі бірегей тест тапсырмасы бойынша апелляциялар қанағаттандырылды. ҰБТ барысында ерекше білім беруге мұқтаж 446 талапкер қатысып, оларға қолайлы жағдай жасауға көңіл бөлінген. Сонымен қатар, «әттең-айлар» да жоқ емес. Мәселен, Қазақстан бойынша ҰБТ–2026 өткізу кезінде 320 құқықбұзушылық тіркеліп, смартфондар, шпиргалкалар мен басқа да тыйым салынған заттарды алып кірмек болған 198 адам тестілеуден шеттетіліп, тағы 120 талапкер ережені бұзғаны үшін аудиториядан шығарылып, нәтижелері жойылды.

Бейнежазбаларды тексергенде де екі адамның сертификатының күші жойылды. Бөгде тұлғалардың сынаққа қатысқаны анықталған жоқ. Ал Алматы қаласы бойынша ҰБТ-ға қатысқан 26 мыңнан астам талапкердің 66%-ы тестілеуді қазақ тілінде, 34%-ы орыс тілінде тапсырса, 33 адам ағылшын тілін таңдаған. Қала бойынша шекті балды қатысушылардың 72%-ы жинады, орташа нәтиже 65 балды, ең жоғары балл 136 болды. Биыл ерекше білім беру қажеттілігі бар 61 талапкер қатысты.

«Алматыда шекті балды еңсеру көрсеткіші айтарлықтай жоғары екенін атап өтеміз, бұл түлектердің сапалы дайындалғанын көрсетеді. Сонымен қатар, ережелердің сақталуын бақылау жағы да қатаң болып қалды. Тестілеудің барлық кезеңін бейнекамерамен бақылап отырды, енді жазбаларды талдау 31 қазанға дейін жалғасады», – дейді Жұмабике Сұлтанова.

Сонымен қатар, ҰБТ өткізу кезеңінде Алматыда 40 құқықбұзушылық анықталып, тыйым салынған заттарды алып кіруге әрекет жасағаны үшін 22 адам тестілеуден шеттетілді, Бұған қоса, тағы 17 талапкер ережені бұзғаны үшін аудиториядан шығарылды. Бейнежазбаларды тексеру нәтижесінде бір сертификаттың күші жойылды. Бөгде тұлғалардың қатысу фактілері тіркелмеген. ҰБТ–2026 аяқталғаннан кейін еліміз бойынша бейнежазбаларды талдау ағымдағы жылдың 31 қазанына дейін жалғасады. Егер ереже бұзушылық немесе тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда онда тестілеу нәтижесі жойылады.

Брифингте жасөспірімдер психологы Фатима Броева емтихан жүктемесі кезінде оқушылардың психологиялық денсау-

лығын сақтауға сеп болатын ұсыныс айтты. Маманның айтуынша, ҰБТ жасөспірімдер үшін өмірдегі маңызды белес сияқты қабылданып, олар болашағын көбіне сонымен байланыстырып жатады. Сондықтан сынаққа дайындықты адамның мінез-құлқы да сынға түсетін өтпелі уақыт деуге әбден болады.

Жан-жақты қолдау қажет

Сарапшы жасөспірімнің қай-қайсысы болсын өзін көбіне айналасындағылардың сөзіне қарап бағалайтынын айтады. Емтиханға дайындық кезінде кейбірі тесттің қорытындысын өзінің шама-шарқы деп қабылдауы мүмкін. Сосын ол мазасыздыққа ұрынып, қателік жасап жатады.

Психологтың айтуынша, ұзаққа созылған күйзеліс зейіннің төмендеуіне, есте сақтаудың нашарлауына, ұйқының бұзылуы мен шаршап-шалдығуға алып келуі мүмкін. Мұндай жағдай жүйкеге шамадан тыс жүк түскенін білдіреді. Ересектер оған көңіл бөліп, баланың оқшала-нып қалуына жол бермеуі тиіс. «Алайда, емтиханға ұзақ дайындықпен байланысты созылмалы стресс бейімделу механизмдерінің әлсіреуіне әкеледі», – деді ол.

Практикалық ұсыныс ретінде түлектерге күн тәртібіне көңіл бөліп, ұйқының қалық болуына, тыныс алу жаттығуын қолданып, дайындық барысында қысқа уақытқа үзіліс жасап отыруды ұсынды. Бұл ретте мұндай әдістер күйзелісті азайтып, адамның жұмыс істеуге деген ынтасын сақтауға көмектеседі екен. Маманның айтуынша, отбасының да рөлі ерекше. Емтиханның қорытындысы қандай болса да, жасөспірімді үнемі қолдап, ынталандырып отыру керек.

«Емтиханнан қандай балл алса да, балаға бұрынғыша қарау керек. Бір үлкен үміт күтіп, оған тым қатты сенуге де болмайды. Ата-ана бақылаушы емес, оған ақыл қосатын жора-жолдасы сияқты болсын», – деп ескертті спикер.

Мектеп психологтары да күйзеліске төзімділік бойынша тренинг өткізіп, өзін ұстауды үйретіп, емтиханда түлектерге кеңес беруді қолға алуы қажет.

**Алматы мемлекеттік
Абизнес колледжінде
«Менің мамандығым – менің
жолым» атты қалалық
квест-ойын өтті.**

Досбол
АТАЖАН

Іс-шара қалалық Білім басқармасы, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама басқармаларымен бірлесе отырып өткізілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, оның мақсаты – мектеп оқушыларына болашақ мансабын анықтауға көмектесу және оларды сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру. Сондықтан іс-шара интерактивті және практикалық форматта – квест-ойын ретінде ұйымдастырылды.

– «Менің кәсібім – менің жолым» қалалық квест-ойыны 9-сынып оқушыларына болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуге бағытталған. Оқушылар тек мамандықтардың атауын біліп қана қоймай, әрқайсысының артында қандай міндет пен қызмет тұрғанын, олардың қандай мүмкіндіктер ашатынын түсінді. Біздің колледж бизнес және басқару бағыты бойынша мамандар даярлайды:



маркетинг, менеджмент, есеп және аудит, бағдарламалық қамтамасыз ету, тамақтануды ұйымдастыру, нан пісіру, макарон және кондитерлік өндіріс, – деді Алматы мемлекеттік бизнес колледжі директорының орынбасары Ляззат Дурумova.

Ойын форматы бойынша оқушылар сегіз интерактивті станция жұмысына атсалысты. Станциялардың әрқайсысы белгілі бір мамандыққа арналды: Тамақтандыруды ұйымдас-

тыру («Шеф-аспаз»), Наубайхана, макарон және кондитерлік өндіріс («Наубайшы-кондитер»), Тамақтандыру саласында қызмет көрсетуді ұйымдастыру («Бармен-бариста»), Есеп және аудит («Қаржы данышпаны»), Маркетинг («21 ғасыр маркетингологы»), Менеджмент («Компания басқарушысы») және Бағдарламалық қамтамасыз ету («IT-әзірлеуші»).

Әр станцияда квест-ойынға қатысушылары кәсіби кейстерді

шешіп, практикалық тапсырмаларды орындады және өз қабілеттерін көрсетті. Ойын соңында оқушылар үшін Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мамандарынан тренинг өткізді.

– Интерактивті тапсырмалар, тәжірибелік станциялар және ойын элементтері арқылы оқушылар әртүрлі кәсіби рөлдерде өзін сынап көруге, жұмысшы мамандықтардың ерекшеліктерін көруге және олардың

қазіргі еңбек нарығындағы маңызын түсінуге мүмкіндік алды. Біздің мақсатымыз – мамандықтар туралы тек ақпарат беру емес, жасөспірімдерді жеке тәжірибе арқылы мамандық таңдауға тарту. Алматы қаласының білім беру жүйесі үшін бұл – кәсіби бағдар беру жұмысын дамытудағы және жастардың өмірлік жолын саналы таңдауға қолдау көрсетудегі маңызды қадам, – деді Ляззат Дурумova.

Ойын қорытындысы бойынша жеңімпаздар диплом және естелік сыйлықтармен марапатталады. Ал ең жақсы нәтиже көрсеткен оқушылар Алматы мемлекеттік бизнес колледжі грантына ие болды.



Суреттерді түсірген: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ



● КОНФЕРЕНЦИЯ

ДИАГНОСТИКАЛАУ МЕН ЕМДЕУ

Терапиялық бағыттағы мамандарды біріктірген жиында сапаны арттыру мәселесі талқыланды

Шаһарда «Ревматология, пульмонология, нефрология, гастроэнтерология және эндокринологиядағы сабақтас мәселелер» тақырыбында VII ғылыми-практикалық конференция өтті.



коморбидті патологиялармен қатар жүреді. Ревматологтардың кардиолог, нефролог, пульмонолог және басқа да мамандармен өзара іс-қимылы пациенттерді сараптамалық деңгейде жүргізуге, ауру белсенділігін бақылауға және қауіп-қатерлерді төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, институт мамандарының өңірлік әріптестермен өзара байланысы маңызды рөл атқарады», – дейді KIAF3I Басқарма төрағасы Рүстем Төлеутаев.

Институттың Басқарма төрағасының терапиялық қызмет жөніндегі орынбасары Ғалымжан Тоғызбаевтың айтуынша, түрлі бағыттағы мамандардың күш-жігерін біріктіру пәнаралық өзара іс-қимылды жетілдіруге, ревматологиялық



аурулары бар пациенттерді диагностикалау мен емдеу сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ғылыми бағдарлама аясында аутоиммундық ревматологиялық аурулар кезіндегі өкпенің интерстициалды аурулары, созылмалы бүйрек ауруын пәнаралық жүргізу, ревматикалық патологиялардағы эндокриндік бұзылыстар, гастроэнтерологиялық асқынулардың клиникалық аспектілері, сондай-ақ псориаздық артритті, анкилозды спондилоартритті және жүйелі қызыл жегіні емдеудің заманауи стратегиялары ерекше назарға алынды.

Конференция барысында жетекші

қазақстандық сарапшылар жүйелі аутоиммундық аурулардың жіктелуі, диагностикасы және емделуі жөніндегі заманауи деректерді ұсынды, күрделі коморбидті пациенттерді жүргізудің қазіргі клиникалық тәсілдері, нақты клиникалық жағдайлар мен тәжірибелік шешім қабылдау алгоритмдері талқыланды.

Басқосу тәжірибе алмасу, мазмұнды пікірталастар өткізу және пациенттер мүддесі үшін мультидисциплинарлық тәсілдерді дамытуға арналған кәсіби алаңға айналды. Іс-шара соңында қатысушыларға сертификаттар табысталды.

● АКЦИЯ



ҮМІТ ҮЗІЛМЕЙДІ

Бір күнде 60 донор қан тапсырды

Алматы қалалық Кардиологиялық орталығында Республикалық қан орталығымен бірлесіп ауқымды «Донор күні» ұйымдастырылды. Акция Денсаулық сақтау министрлігі бастамашы болған «Донор бол және үміт сыйла» республикалық эстафетасы аясында өтті.

Аталған орталық ерікті донорлық мәдениетін дамытуға бағытталған жалпыұлттық бастаманы қолдап, донорлық қозғалыс эстафетасын қабылдады. Іс-шара орталық қызметкерлерін, серіктес ұйымдардың өкілдерін, Алмалы ауданы әкімдігінің қызметкерлерін және бей-жай қарамайтын қала тұрғындарын біріктірді. Акцияға орталықтың дәрігерлері мен медицина қызметкерлерінің өздері қосылғаны ерекше мәнге ие болды. Күн сайын операциялық және реанимация бөлімдерінде пациенттердің өмірін сақтап жүрген мамандар бұл күні донор ретінде де көмек көрсетіп, қан қорын толықтырды.

Іс-шара ауқымы жағынан бұрын-соңды болмаған деңгейде өтті. Бұлай дейтініміз, бұған дейін орталық базасында көшпелі донорлық акциялар ұйымдастырылмаған. Бұл күні 95 адам қатысып, міндетті медициналық тексеруден кейін олардың 60-ы қан тапсыруға жіберілді. Донорлар саны бойынша бұл Алматыдағы осындай корпоративтік бастамалардың ең жоғары көрсеткіштерінің бірі болды. Донор күні барысында 27 мың миллилитр (27 литр) донорлық қан және оның компоненттері дайындалды. Бұл көлем орталық пациенттерін өмірлік маңызды трансфузиялармен қамтамасыз етіп, ауыр халдегі ондаған адамға көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Орталық күн сайын инфаркт алған, ауыр жүрек-қан тамыр ауруларымен және операциядан кейінгі асқынулармен түскен пациенттерге жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетеді. Бұл донорлық қанға тұрақты қажеттілікті және оның қорын үнемі толықтырып отыруды талап етеді. Осы орайда дәрігерлер еске салады: бір рет қан тапсыру бірнеше адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін.

● СЕМИНАР

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ДЕ ДӘРІС КЕРЕК

Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасында «Балалардағы ішек өтімсіздігі» тақырыбында кезекті оқыту семинары өтті. Іс-шараға мамандар офлайн форматта және ZOOM платформасы арқылы қатысты.

Оқыту семинарын аталған орталықтың Шұғыл хирургия қабылдау бөлімшесінің меңгерушісі, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас маманы, балалар хирургі Мейіржан Құрманалиев жүргізді.

Семинар барысында балалар хирургиясында жиі кездесетін және өзекті патологиялардың

бірі – ішек өтімсіздігі мәселесі жан-жақты қаралды. Аталған жедел патологиялық жағдай ішек ішіндегі қоректік заттардың қалыпты жылжуының бұзылуымен сипатталады. Мамандар бұл аурудың тез дамитынын, клиникалық белгілерінің әртүрлі болатынын және кеш анықталған жағдайда перитонит, ішек некрозы, сепсис сияқты ауыр асқынуларға әкелу қаупі жоғары екенін атап өтті.

Сондай-ақ, жаңа туған нәрестелерде де ішек өтімсіздігі диагнозы жиі кездесетініне ерекше назар аударылды.

Семинар қорытындысында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға толық әрі егжей-тегжейлі жауаптар беріліп, балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету сапасын арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар айтылды.

● БІЛГЕНІЗ ЖӨНІ

ШАШ ПІЛДІ ДЕ КӨТЕРЕДІ

Шаш – адам сымбатының ажырамас бөлігі ғана емес, ағзаның ерекше құрылымдарының бірі. Ғалымдардың айтуынша, адамның басында орта есеппен 100–150 мыңға жуық тал шаш болады. Оның әрқайсысы тері астындағы кішкентай қапшықтан – фолликулдан өсіп шығады.

Өсуі

Күніне 50–100 тал шаштың түсуі – табиғи құбылыс. Себебі, ескі шаштың орнына жаңасы өсіп шығады. Бір тал сау шаш шамамен, 80–100 грамға дейін салмақ көтере алады. Ал барлық шашты қосқанда, мәселен, 12 тонна шығатын шашымыз олар пілді көтеруге мүмкіндігі бар. Бұл – шаштың құрамындағы кератин ақуызының беріктігінен.



Түсі

Шаштың түсі меланин пигментіне байланысты. Меланин көп болса – шаш қара, аз болса – ашық түсті болады. Жалпы қара түсті шаш жер бетінде көп тараған. Ал табиғи қызыл шаш әлем халқының шамамен, 1-2 пайызында ғана кездеседі.

Жас ұлғайған сайын меланин азайып, шаш ағара бастайды. Ерге қарағанда әйелдің шашы тез өседі. Қыз-келіншектер шаш сусабыны үшін жылына 780 доллар жұмсайды екен.

Күтімі

Шаш жылы ауа райында жылдам өседі. Бір шаш талшығының өзінде 14 түрлі элемент бар, оның ішінде алтын да бар. Дұрыс күтім жасалмаса, шаш әлсіреп, сынғыш келеді. Дұрыс тамақтану, мәселен, ақуызға бай тағам (ет, жұмыртқа, балық), жаңғақ, көк шөп жеу, жеткілікті мөлшерде су ішу және күйзелістен сақтану – шаш саулығының басты кепілі. Шаш – тек сән емес, ол адам денсаулығының көрсеткіші.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

Бүгінде нәзік жандылардың, тіпті жас-бөспірім балалардың зорлық-зомбылыққа ұшырау фактілерін жиі естиміз. Бұл – қоғамның назарын аударып отырған проблемалардың бірі. Осы бағытта мемлекеттік деңгейде күрес жүргізілуде. Қазіргі кезде Алматыда әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі дамытылып, аналар мен балаларға арналған сенім телефондары, психологиялық кеңестер, құқықтық көмек орталықтары жұмыс істейді. Қалалық және республикалық бағдарламалар аналарға экономикалық және әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған.

АНА МЕН БАЛАҒА

А

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Қоғамдық қамқорлық

Алматы қаласында аналарды қорғау мақсатында түрлі бастамалар жүзеге асырылуда. Медициналық қолдау жүйесі жетілдіріліп, жүкті әйелдерге арналған диспансерлік тексерулер, профилактикалық медициналық қызметтер, консультациялар және психологиялық қолдау қарастырылған. Балаларға арналған инклюзивті білім беру, талантты балаларды дамыту орталықтары, спорттық және шығармашылық үйірмелер жұмыс істейді.

Қоғамдағы ынтымақтастық рухын қалыптастыру да осыған ұқсас маңызды. Волонтерлік ұйымдар мен қоғамдық бастамалар аналар мен балаларға көмек көрсетіп, әлеуметтік интеграцияға жол ашады. Сонымен қатар, мәдени-танымдық және спорттық іс-шаралар аналар мен балаларға арналған арнайы бағдарламалар арқылы өткізілуде. Осылайша қоғамда құрмет, өзара қолдау және теңдік мәдениеті нығайып келеді.

Құқықтық қорғау бағытында да нақты қадамдар жасалуда. Қалада тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін алдын алу үшін арнайы бағдарламалар, сенім телефондары және құқықтық консультациялар жұмыс істейді. Қаладағы полиция бөлімдері мен қоғамдық ұйымдар бір-



(Сурет: ЖИ).

сетіп отырғандай, ана мен баланы қорғау саласында кешенді саясат жүргізу арқылы қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға болады. Алматыдағы осындай бастамалар қоғамның әрбір мүшесі үшін қауіпсіз және қолайлы ортаны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ең басты құндылық

Конституциялық реформалар кезінде некені тіркеу, оның міндетті болуы, сондай-ақ ер мен әйелдің жынысын айқындау сияқты мәселелерді енгізу қарастырылып жатыр. Отандық сарапшылар дерлік бұны оң қадамға балайды. Дегенмен, жыныстық сәйкестік мәселесі әлі қарастырылмай жатқанын, нақты белгіленбей тұрғанын да алға тартады.

Алматыдағы «Дағдарыс орталықтары одағының» төрайымы Зулфия Байсақова ханымның айтуынша, заң және қоғамдық құлшыныстардың негізгі бағыты отбасылық құндылықты қорғау болуы тиіс. Айталық, үлкенді сыйлау, бір-біріне көмек беру сынды дәстүрлі қарым-қатынастардың маңызы айырықша.

«Бір-біріне қуанышта да, қиын жағдайда да қолдау көрсету, той-жиындарды, тіпті жерлеу рәсімдерін бірге өткізу – осы отбасы құндылықтары», – дейді ана-бала мәселелерімен көп жылдан бері айналысып келе жатқан маман. Оның пікірінше, бұл тек сөз жүзінде айтылып қана қоймай, іс жүзінде балаларға қамқорлық пен туыстардың бір-біріне жауапкершілігін білдіреді. Алайда, бүгінгі күні бұл жеткіліксіз. Кейбір аналар өз балаларын дұрыс бағаламай, оның құқықтарын қорғайтын өкілетті тұлға екенін білсе де қауіпті жағдайға қалдырып отырады.

АЯЛЫ ОРТА

лесіп, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау бойынша тұрақты мониторинг жүргізеді. Бұл шаралар олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, құқықтық

мәдениетті қалыптастыруға ықпал етуде.

Ана мен баланы қорғау – бұл тек мемлекеттің міндеті емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі. Қаланың тәжірибесі көр-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Зулфия БАЙСАҚОВА, Алматыдағы «Дағдарыс орталықтары одағының» төрайымы:

Кешенді қолдауды жетілдіру керек

Менің ойымша, бірінші кезекте ұлттық заңнаманы қайта қарау қажет. Мемлекет әйелдер мен балалардың құқығын қорғау қажеттілігін толық түсініп, әсіресе, балалардың құқығын қорғау бағытында шұғыл шаралар қабылдаудың маңыздылығын сезінуде. Соңғы оқиғалар жүйеде олқылықтардың бар екенін көрсетіп отыр. Сондықтан арнайы басқармалар құрылып, мемлекеттік құрылымдар саны көбейді. Екінші маңызды мәселе – әйелдердің құқығын қорғау. Бұл бағыт Конституциялық өзгерістерге де енгізілмек, яғни ресми түрде бекітілуі жоспарлануда.

Жақында ғана Мемлекет басшысының Жарлығымен «Қазақстан балаларын» қорғау бағдарламасы бекітіліп, оған бюджеттен шамамен, 13 млрд. теңге бөлінді. Бұл бағдарлама жалпы халықаралық ұйымдардың ұсыныстарымен және Мемлекет басшысының бұрыннан айтып келген қағидаларымен үйлесімді жасалған. Сонымен қатар, өткен аптада Алма-

ты қаласының мәслихаты балалар құқығын қорғау басқармасын құру туралы шешім қабылдады. Бұл басқарма Қазақстан бойынша балалардың құқығын қорғауға жауапты болады.

Қазақстанда шамамен, 6900 бала тұрмыстық зорлық-зомбылыққа немесе басқа да қауіпті жағдайларға ұшырап жатыр. Психологиялық қолдау орталықтары, отбасы қолдау орталықтары және балаларға арналған сенім телефондары жұмыс істесе де, жүйелі де кешенді қолдау жоқ болғандықтан нақты көмек көрсету қиын. Мысалы, 111 сенім телефоны бірнеше жылдан бері жұмыс істейді, бірақ балалар анонимді және конфиденциалды түрде көмек ала алмайды. Нәтижесінде өз-өзіне қол жұмсауға әрекет жасаған балаларға дер кезінде көмек көрсету мүмкіндігі болмай жатады. Мұндай жағдайларда дер кезінде, яғни бала анонимді және конфиденциалды түрде көмек сұраса, алдын алар еді.

Мұнда консультанттың шеберлігі маңызды – баланы өзінің атын, мысалы, зиян келтірген адамдардың атын айтуға сендіру керек. Сондықтан бұл – үшінші өзекті мәселе: балалар құқығын қорғаудағы құрылымдарда функцияларды нақты бөлу қажет, дубляж болмауы керек, сондай-ақ осы саладағы мамандардың кәсіби деңгейін үнемі арттыруға мән беру қажет.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ ОРЫНДА

Отбасы – бала өмірінің қамқор кеңістігі. Алайда, елімізде бала құқығының бұзылуына қатысты көптеген кейстер отбасында тіркеліп жататыны бар. Бұл мәселеге қазір мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлініп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, отбасыны қолдау бағытында бірқатар икемді механизмдер жолға қойылды. Алматының әр аудандарында да отбасыны қолдау орталықтары ашылып, тиімді жұмыс істей бастады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

болу құқықтары шектелген», – деді Динара Закиева.

Оның айтуынша, қолға алынған шаралардың нәтижесінде балаларға қарсы жасалатын аса ауыр және ауыр қылмыстардың саны азайған. Мысалы, 99-бап бойынша 10%-ға, 106-баптың 3-бөлімі бойынша қылмыстардың саны 54%-ға азайса, былтыр Қазақстанда балалар арасындағы қылмыстардың саны 30%-ға өскен. Жасалған қылмыстың 70%-ы қаржы мәселелеріне, 20%-ы жеке тұлғаға қатысты жасалған қылмыстар.

Қазір мектептерде буллингтің алдын алу үшін «ДосболLIKE», «Адал азамат» бағдарламалары енгізілді. Өткен жылы Қазақстанда бала құқығын бұзуға қатысты 171 дерек тіркеліп, «111» сенім телефонына 124 600 қоңырау түскен. Былтыр ЮНИСЕФ ұйымы жүргізген сараптамалық зерттеуде елімізде бала құқығы ресми деректе көрсетілгеннен әлдеқайда жиі бұзылатыны анықталды. Сол себептен, «Қазақстан балалары» бағдарламасы аясында осы механизмдерді жетілдіру үшін мамандарды оқыту, қолдау сонымен қатар олардың жұмысына стандарттарды енгізу үшін нақты шаралар көзделіп, қамқоршы мамандар мен психологтардың жа-лақысы арттырылмақ.

А

Рая ЕСКЕНДІР

Қазіргі таңда қала мектептерінде өтетін әрбір сынып сағатының 10 минуты білім алушылардың жеке қауіпсіздігіне арналып, «Қауіпсіздік сабақтары» өткізілуде. Бұған қоса, ай сайын зиянды әдеттердің алдын алу шаралары жүйелі ұйымдастырылып жатыр. Сабақтан тыс тәрбие жұ-

мыстары жүйеленіп, 6 жоба аясында 43 іс-шара жоспарлы түрде іске асырылды.

Дегенмен, ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Динара Закиеваның мәліметінше, Қазақстанда күн сайын балаларға қатысты 5 қылмыс фактісі тіркелетін көрінеді. Ең өкініштісі, мұндай сұмдықтардың дені олардың өз жақындары тарапынан жасалатындығы. Әрі бұл жағдай қылмыстардың алдын алуда да қиындық тудырып отыр.



ӨНДІРІС АЛАҢЫНДА ОЙ АЛМАСТЫ

15 наурызда өтетін Конституциялық реформа бойынша Референдум ел өмірінің айтулы саяси оқиғасы саналады. Алматы қаласында реформа мен референдум маңызы турлі саланың өкілдерімен талқыланып, жаңа Конституция жобасы бойынша түсіндіру жұмыстары қызу жүріп жатыр. Осы аптада Мәжіліс пен жергілікті Мәслихаттың бірқатар депутаттары өндіріс саласының өкілдерімен жолығып, маңызды саяси науқан жөнінде пікірлесті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Мәжіліс депутаты жұмысшылармен кездесті

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Конституциялық комиссияның мүшесі Сергей Пономарев Алматыдағы «АЗМК» ЖШС жұмысшыларымен кездесті. Өндіріс алаңында өткен кездесуде депутат кәсіпорынның ішкі жұмысымен танысты әрі қазіргі маңызды саяси үдерістерге қатысты түсіндірді.

«Жаңа Конституция – қоғамның күткен үмітін берілген адал жауап» деп түсіндірген депутат еліміздің болашағын айқындайтын маңызды қадамға қоғамның барлық тобы жұмыла атсалысуы керек екенін жеткізді. Жаңа Конституцияның ең негізгі ерекшеліктеріне тоқталған Мәжіліс депутаты былай деді:

«Біріншіден, бұл – біртұтас халықтың Конституциясы, онда Қазақстан халқының бірлігі, тарихи

қазақ жеріндегі мемлекеттілікті нығайту айқын көрсетілген. Мұнда «өзіміз» және «өзге» деген ұғым жоқ. Әрбір азаматтың ар-намысы мен құқығы тілі мен этностық тегіне қарамастан заңмен тең қорғалады. Екіншіден, бұл – тікелей диалог Конституциясы. «Еститін үкіметті» жиі айтамыз, жаңа Конституция осы бағытта үлкен қадам жасап, бірегей институт – Қазақстан Халық Кеңесін құруды көздейді. Үшіншіден, бұл – экологиялық жауапкершілік Конституциясы. Елін сүйемін деген адам туған жерінің ластануына бей-жай қарай алмайды. Бұл құжат бізді Халық Кеңесі арқылы біріктіреді, тең құқық арқылы қорғайды және болашағымызды сақтайды», – деп түсіндірді.

Іс-шараға қатысқан саясаттанушы Аладин Мұстафаев алдағы реформаның қоғамның барлық саласын қамтитын маңызды өзгеріс болғандықтан әрбір азаматтың дауыс беруге қатысуы аса маңызды екенін жеткізді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

Еліміздегі ең ірі өндірістік орталықтардың бірі саналатын АЗМК кәсіпорнындағы қызметкерлер кездесу барысында өздерін толғандырған сұрақтарына да жауап алды. Онда азаматтарға Конституцияға енгізіліп жатқан өзгерістердің мәні мен маңызын жеткізуге басымдық берілді.

Мәслихат депутаттары өндіріс өкілдерімен пікірлесті

Алматы қаласындағы «Сталь Сервис» кәсіпорнында өндіріс қызметкерлерімен кездесу өтті. Іс-шараға Алматы қаласы Мәслихатының депутаттары мен Қоғамдық кеңес мүшелері қатысып, жаңа Конституция жоба-сына қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында кәсіп-орын қызметкерлеріне алдағы референдумның маңызы жан-жақты түсіндіріліп, конституциялық өзгерістердің негізгі бағыттары баяндалды. Қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, депутаттар тарапынан нақты жауап алды.

Алматы қаласы Мәслихатының депутаты Дулат Тастекей өз сөзінде, 15 наурызда өтетін референдум ел өміріндегі маңызды саяси кезең екенін атап өтті. Депутаттың

айтуынша, әрбір азаматтың бұл науқанда саяси белсенділік танытуы – азаматтық борыш. Сонымен қатар, ол жиналғандарды жаңа Конституция жобасымен мұқият танысуға шақырып, құжатта азаматтардың құқығы мен бостандығы, сондай-ақ билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігі айқындалатынын айтты.

«Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік пен өзара бақылау тетіктері күшейтіледі. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігі арасындағы үйлесімге ерекше мән берілген. Парламенттің рөлі артып, оның өкілеттіктері кеңейтіледі. Үкімет басшысын, вице-президентті және бірқатар жоғары лауазымды тұлғаларды тағайындауға келісім беру құзыреті нақтыланады.

Сонымен қатар, Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіру тетіктері де жетілдіріледі. Адвокатура институтының конституциялық деңгейде бекітілуі құқық қорғау жүйесінің тетіктерін күшейтуге бағытталған. Сондай-ақ, Конституцияның кіріспе бөлігінде тарихи сабақтастық, Ұлы дала өркениеті, білім мен ғылымды дамыту, азаматтардың денсаулығын қорғау және қоршаған ортаны аялау мәселелері нақты жазылған», – деді ол.

Аяжан ҚУАНЫШОВА,
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырудың кейбір мәселелері

Қазіргі құқықтық мемлекет жағдайында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыда азаматтар мен ұйымдардың өтініштері негізінде қалыптастырылатын мемлекеттік құқықтық статистика мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалаудың, сондай-ақ құқық қолдану практикасын жетілдірудің маңызды құралы ретінде ерекше мәнге ие. Өтініштер арқылы қоғамдағы өзекті құқықтық мәселелер, заңнаманы қолданудағы олқылықтар және мемлекеттік басқару жүйесіндегі проблемалар айқындалады.

Жеке және заңды тұлғалардың арыздары, шағымдары, ұсыныстары мен сұраулары құқықтық статистика үшін маңызды бастапқы дереккөз болып саналады. Бұл өтініштерді жүйелі түрде тіркеу, есепке алу және талдау азаматтардың қандай құқықтарының жиі бұзылатынын, мемлекеттік органдарға жүгіну себептерін, сондай-ақ қабылданатын шешімдердің сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Өтініштер негізінде қалыптастырылатын статистикалық мәліметтер мемлекеттік органдардың халықпен және бизнеспен өзара іс-қимылының деңгейін, олардың ашықтығы мен қолжетімділігін сипаттайды.

Сонымен қатар, мемлекеттік құқықтық статистиканы өтініштер негізінде қалыптастыру барысында бірқатар өзекті мәселелер туындайды. Атап айтқанда, өтініштерді есепке алу мен жіктеудің бірыңғай тәсілдерінің болмауы статистикалық деректердің дәлдігі мен салыстырмалылығына кері әсерін тигізеді. Әртүрлі мемлекеттік органдарда бір мазмұндағы өтініштер әрқалай санаттарға жатқызылып, нәтижесінде шынайы жағдайды толық көрсетпейтін деректер қалыптасуы мүмкін. Бұдан бөлек, қайталама немесе мазмұны ұқсас өтініштердің көптеп түсуі нақты

проблемалардың ауқымын бұрмалап, статистикалық талдаудың сапасын төмендетеді. Тағы бір маңызды мәселе – цифрландыру деңгейінің жеткіліксіздігі және ақпараттық жүйелердің өзара ықпалдастығының әлсіздігі. Бұл жағдай өтініштер бойынша деректерді уақытылы жинақтауға, оларды кешенді түрде талдауға және жедел басқарушылық шешімдер қабылдауға кедергі келтіреді. Нәтижесінде мемлекеттік құқықтық статистиканың әлеуеті толық көлемде пайдаланылмай қалады.

Аталған мәселелерді шешу үшін өтініштерді есепке алу мен өндеудің бірыңғай стандарттарын енгізу, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін өзара интеграциялау және цифрлық талдау құралдарын кеңінен қолдану қажет. Сонымен қатар, өтініштерді қарау нәтижелерін құқықтық статистикамен тікелей байланыстыру мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету де қоғам тарапынан бақылауды күшейтіп, азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру құқықтық саясатты жетілдірудің және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудың маңызды тетігі болып табылады. Бұл бағыттағы жүйелі әрі кешенді жұмыс азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейін көтеріп қана қоймай, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға қызмет етеді.

**КР БП ҚСЖАЕАК Алматы қаласы бойынша департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлімі.
#Заң және Тәртіп.**

Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына!

Алматы қаласы Алатау ауданының аумағында 2026 жылғы 15–22 ақпан аралығында республикалық маңызы бар «ТҰРҒЫС» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Іс-шара аясында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бөлімшесінің қызметкерлері:

● **тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;**

● **тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы ақпарат береді;**

● **құқық бұзушылықтар үшін көзделген жауапкершілік туралы түсіндіреді;**

● **зардап шеккен азаматтарға құқықтық көмек бойынша кеңес береді.**

Іс-шараның мақсаты – отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және зорлық-зомбылық фактілерінің жолын кесу.

Құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда немесе кеңес алу үшін төмендегі нөмірлерге хабарласуға болады:

- **102 – полиция;**
- **111 – балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефоны;**
- **150 – отбасы және құқықтарды қорғау мәселелері бойынша сенім телефоны.**

Тұрғындар мен қонақтарды аталған іс-шараларға түсіністікпен қарауға шақырамыз.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел.: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

21 АҚПАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭКСКУРСИЯ ЖЕТЕКШІЛЕРІ КҮНІ

МУЗЕЙ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ

Ертең – Дүниежүзілік экскурсия жетекшілері күні. Осы айтулы күн қарсаңында Алматы қаласы Музейлер бірлестігі экскурсия жетекшілері арасында «Алматы – музейлер қаласы» кәсіби байқауын ұйымдастырған болатын.

Нұржамал
ӘЛІШ

Сайыстың жеңімпаздары да анықталды. Байқау қатысушылары музейлік сторителлинг, квест-экскурсия, тақырыптық маршрут құрастыру, ораторлық шеберлік және кәсіби тестілеу номинациялары бойынша бақ сынады.

– Музей – халықтың тарихи жады мен

рухани құндылығын сақтайтын қасиетті орын. Ал сол құндылықты көпшілікке жеткізетін біздегі негізгі тұлға – экскурсия жетекшісі. Ол жәй ғана ақпарат беруші қызметкер емес, өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір. Демек, ол – ұлттық жадымыздың сақшысы. Оның еңбегі арқылы өткеніміз жаңғырып, мәдени мұрамыз ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Ал кәсіби байқаулар осы мамандықтың мәртебесін көтеріп, сапалы қызмет көрсетуге жол

ашады, – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев әріптестерін марапаттау салтанатында.

Байқауға қатысқан 13 экскурсия жетекшісінің үшеуі үздік деп танылды. Олар келушілерге тарихи деректерді шебер жеткізу, көркем сөйлеу, сахналық мәдениеті жоғары маман ретінде бағаланды.

Иә, бірінші орын иеленген Ықылас атындағы халық аспаптар музейінің қызметкері Әдемі Мұратованың қуанышында шек жоқ. Екінші орын алған Нұрғиса Тілендиев мемориалдық музейінің өкілі Қарлығаш Нұрмұханбетованың да мерейі үстем болды. Байқаудың үшінші орны бұйырған Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының экскурсия жетекшісі Аида Мамырбаеваның да бүгін жұлдызы жарқырады.

Сонымен қатар, Алматы музейлер бірлестігі халықаралық байланыстар бөлімінің жетекшісі Алтынжан Қожамұратова ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының медалімен марапатталып, құшағы гүлге толды.

«Алматы – музейлер қаласы» байқауы – экскурсия жетекшілерінің кәсіби дамуына серпін беріп, музей кеңістігіндегі жаңа идеялар мен заманауи форматтарды қолдауға бағытталған маңызды бастама. Мұндай сайыстар экскурсия жетекшілерінің кәсіби шеберлігін шыңдап, шығармашылық ізденісін арттырып, музей саласының беделін көтере түсері анық.

Жеңімпаздар үшін тағы бір қуанышты жаңалық – олар биылғы сәуірде кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында шетелге тағылымдамадан өтуге барады.

ДӘРІС

Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейінде Бөлірік Атыханұлы атындағы №36 гимназияның оқушыларына қазақ би өнерінің негізін қалаған Шара Жиенқұлованың өмірі мен шығармашылығына арналған музейлік сабақ өткізілді.

Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ

Халық әртісі Шара Жиенқұлова Алматыда дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі – Гүлшара. Ол Баймолда Жиенқұловтың 14-ші перзенті болған. Сахнаға би билеп алғаш рет жайлауда, қазақ-қырғыз тойында 13 жасында шыққан екен.

Әйгілі актер, әнші, режиссер Құрманбек Жандарбековке тұрмысқа шығады. Өнер адамы Шараны үлкен өнерге алып келеді. Дінмұхамед Қонаевпен бір сыныпта оқыған.

Биші шығармашылық жолын Әуезов атындағы Қазақ драма театрынан бастаған. Тұңғыш ойнаған рөлі – Бейімбет Майлиннің «Майдан» пьесасындағы Пүліш. Кейбір деректерде алғаш рет сахнаға Бейімбет Майлиннің «Шұғасында» шыққаны айтылады. Содан кейін Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қарагөзінде» басты рөлдерді сомдайды. 1934 жылы жаңа Қазақ мемлекеттік музыка театрының шымылдығы түріледі. Сонда Әуезовтің «Айман – Шолпан» спектаклінде «Келіншек» деген қазақтың ұлттық биін тұңғыш рет алып шыққан. Ондағы



элементтерді ойлап тапқан да, орындаған да Жиенқұлованың өзі, бұл қазақ хореографиясының бастамасы болды.

Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» және «Ер Тарғын» операларында халық билерін орындады. Қазақтың ұлттық «Қалқаман – Мамыр» балетіндегі «Мамыр» партиясын биледі.



Шара Жиенқұлова қазақ биінің элементтерін табу үшін республика бойынша көп саяхат жасаған. Нәтижесінде «Айжан қыз», «Тәттімбет», «Қырық қыз» және тағы басқа төл билері өмірге келді. Биші мұрасының көп бөлігі қазіргі заманғы балетмейстердің жұмысына негіз болғаны анық.

Би падишасы



Музейге арнайы келген балаларға сабақ барысында бишінің өмірбаяны жайлы айтылып, теледидардан биші орындаған төл туындысы көрсетілді. Сонымен қатар, оқушыларға музей қорынан Ш.Жиенқұлованың жеке заттарынан алынған көрме ұсынылды. Онда Шараға Мәриям Жагорқызы мен Дина Нұрпейісова сыйлаған қосбілезіктер, сахналық образын толықтырған зергерлік сәндік бұйымдары мен бешпентін тамашалады. Музей қызметкерлері өрендерге осы құнды жәдігерлер туралы мағлұмат берді. Оларға қазақтың сәнді зергерлік бұйымдар туралы өткен шеберлік сабағы да ұнады.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz

